

**Есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды өндіру (дайындау) үшін пайдаланылатын, бақылауға жататын жабдықтардың тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 қыркүйектегі N 939 қаулысы.

**Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.11.2023 № 1038 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.11.2023 № 1038 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Қоса беріліп отырған арнайы бақылаудағы және есірткі, психотроптық заттарды өндіру мен дайындау үшін пайдаланылатын аспаптардың, жабдықтардың тізбесі белгіленсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.11.2023 № 1038 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Арнайы бақылаудағы және есірткі, психотроптық заттарды өндіру мен дайындау үшін пайдаланылатын аспаптардың, жабдықтардың айналымын бақылау есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға жүктелсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.11.2023 № 1038 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2003 жылғы 15 қыркүйектегі  
№ 939 қаулысымен  
белгіленген

**Арнайы бақылаудағы және есірткі, психотроптық заттарды өндіру мен дайындау үшін пайдаланылатын аспаптардың, жабдықтардың тізбесі**

Ескерту. Тізбе жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.11.2023 № 1038 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Таблеткаларды нығыздауға арналған нығыздау аспаптары мен жабдықтары.
2. Ампулаларды толтыруға арналған жабдықтар.
3. Ампулаларды бітеуге арналған жабдықтар.
4. Химиялық реакцияларды жүргізуге арналған жабдықтар (зертханалық реакторлар).
5. Капсуляторлар.
6. Пуансондар мен матрицалар.
7. Бір немесе бірнеше мойны бар сыйымдылығы үлкен реакциялық шыны ыдыстар (15 немесе одан да көп литр).
8. Бөлгіш құйғыштар.
9. Тікелей ағынды және қарсы ағынды конденсаторлар.
10. Колба қыздырғыштар.
11. Бөшкелерге арналған белбеулік қыздырғыштар.
12. Сулы және майлы жылытқыштар.
13. Ротациялық буландырғыштар.
14. Реакциялық ыдыстар (колбалар, пробиркалар, реторттар).
15. Таблеткалар мен капсулаларды есептегіштер.
16. Таблеткаларды тозаңнан арылтқыштар.
17. Вакуумдық сорғылар.
18. Бюхнер құйғышы.
19. Дәлдігі жоғары электрондық таразылар.
20. Дистилляциялық қондырғылар.
21. Магнитті араластырғыштар.
22. Либих тоңазытқышы.